

**«Жүк және коммерциялық жұмысты ұйымдастыру» пәні бойынша
Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған
тест спецификациясы**

1. Мақсаты: Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған тест тапсырмаларын әзірлеу үшін құрастырылған.

2. Міндеті: Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

3. Тест мазмұны: 10410200 – «Теміржол көлігіндегі тасымалды ұйымдастыру және жол қозғалысты басқару» мамандығы, 3W10410201 - 4 және 5 класты теміржол станциясының кезекшісі, 3W10410202– Орталықтандырылған станциялық постының кезекшісі, 3W10410203 – Жүк және багажды қабылдап-тапсырушы, 3W10410204– Тасымалдау құжаттарын өңдеу жөніндегі оператор, 4S10410205 – Тасымалды ұйымдастырушы техник біліктіліктеріне арналған «Жүк және коммерциялық жұмысты ұйымдастыру» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
1	Темір жолдардың жүк және коммерциялық жұмысын ұйымдастыру және басқару негіздері	1	Техникалық және коммерциялық пайдалану-темір жолдарда тасымалдау процесін ұйымдастырудың екі жағы. Жүк тасымалдарын және жүктерді жіктеу
2	ҚР темір жолдарының жарғысы	2	Қолданыстағы жарғының негізгі ережелері
3	Тиеу-түсіру жұмыстары	3	Тиеу-түсіру жұмыстары мен қойма операцияларының сипаттамасы. Тиеу-түсіру жұмыстарын орындау тәртібі
4	Жүк және коммерциялық операцияларды орындауға арналған техникалық құралдар	4	Станциялардың сипаттамасы мен жіктелуі. Станцияларды ашу және жабу тәртібі. Жүк станцияларындағы құрылыстар мен құрылғылар.
5	Жүк аулалары және тауар кеңселері	5	Жүк аулаларын техникалық жабдықтау және тағайындау. Стансалар мен ТехПД тауарлық кеңселерінің тағайындалуы және жабдықтары.
6	Темір жол қоймалары мен құрылғылары.	6	Темір жол қоймаларының тағайындалуы және жіктелуі. Жоғары жолдар, эстакадалар және жүк шаруашылығының басқа да құрылыстары мен құрылғылары.
7	Таразы шаруашылығы.	7	Тасымалдау кезінде жүк массасын өлшеу мәні. Салмақ өлшеу құрылғыларының негізгі қасиеттері.
8	Жүк паркінің вагондары және олардың пайдалану сипаттамасы	8	Жүк паркі вагондарының пайдалану-экономикалық сипаттамасы. Жүк вагондарына қойылатын пайдалану талаптары.
9	Тасымалдау процесін басқарудың автоматтандырылған жүйесі және ақпараттық қамтамасыз ету	9	Ішкі жүйелерді ақпараттық қамтамасыз ету. Цифрлық кодтаудың бірыңғай жүйесі. Кіші жүйелерді ақпараттық қамтамасыз ету
10	Тасымалдауды жоспарлау және бағыттау	10	Жоспар түрлері. Тасымалдауды ұтымды ету. Жоспарды өзгерту, уақытша шектеу және тиеуге тыйым салу. Тасымалдау жоспарын орындау. Тасымалдау жоспарының орындалуын есепке алу.
11	Тасымалдарды маршруттау.	11	Маршруттау мәні. Жөнелтушілік маршруттардың түрлері және оларды ұйымдастыру

12	Жүктердің көліктік сипаттамасы және оларды тасымалдауға дайындау.	12	Жүктердің негізгі қасиеттері және олардың тасымалдау жағдайына әсері. Жүктерді көліктік таңбалау.
13	Жүкті тасымалдауға қабылдау.	13	Жүктерді тасымалдау шарты. Тасымалдау құжаттарының жиынтығы және оның мақсаты. Жүкқұжатты тексеру және бұрыштама қою. Жүк массасын анықтау.
14	Жүктерді тиеу және жөнелту жөніндегі операциялар.	14	Вагондарды тиеуге дайындау. Вагондардың жүк көтергіштігі мен сыйымдылығын пайдалану. Вагон парағы.
15	Жүру жолындағы операциялар	15	Операция түрлері. Жүктерді басқа мекен-жайға жіберу
Мәтінмәндік тапсырмалар (мәтін, кесте, сызба, формула, статистикалық мәліметтер, сурет және т.б.).			

4. Тапсырмалар мазмұнының сипаттамасы:

Темір жолдардың жүк және коммерциялық жұмысын ұйымдастыру және басқару негіздері. Жүк және коммерциялық жұмысты, контейнерлік және пакеттік тасымалдарды және тиеу-түсіру жұмыстарын механизациялауды басқарудың ұйымдық құрылымы. Жүк және коммерциялық жұмыс тасымалдау процесімен, негізінен оның бастапқы және соңғы операцияларымен, жүкті жөнелтуге және тиеуге қабылдаумен, жүкті түсірумен және алушыға берумен байланысты мәселелер кешенін қамтиды.

ҚР темір жолдарының жарғысы. Жарғының мемлекеттік мәні. Қолданыстағы жарғының негізгі ережелері

Тиеу-түсіру жұмыстары.

Тиеу-түсіру операцияларының жұмысын ұйымдастыру, коммерциялық операциялар үшін станциялардың ашылуын және жабылуын анықтау үшін № 4 КН 2 тарифтік басшылығын пайдалану, Жүк станциясының жұмысын басқару құрылымдары; тауар кассирлерінің, қабылдап-тапсырушылардың, ауысым инженерінің (аға техника) нұсқаулық-технологиялық карталары).

Жүк және коммерциялық операцияларды орындауға арналған техникалық құралдар.

Жүк станциялары жүк және коммерциялық операцияларды орындауға, жүк пойыздарын қабылдауға, таратуға, қалыптастыруға, коммерциялық қарауға, техникалық қызмет көрсетуге және жөнелтуге арналған Жол және жүк құрылғыларының, техникалық және қызметтік үй-жайлардың кешенін білдіреді. Әдетте, бұл станциялар жүк ағыны пайда болатын және өтелетін ірі өнеркәсіптік және елді мекендерде орналасқан және өнеркәсіптік кәсіпорындар мен халыққа қызмет көрсетеді

Жүк аулалары мен тауар кеңселері тасымалдарды қабылдауды және ұсақ жүктерді тиеуді ресімдеу.

шағын жөнелтімдерді қабылдаудың күнтізбелік кестесін құру,

- вагондардың орташа бос тұруын анықтау, жүк операцияларындағы вагондардың бос тұруын есепке алу,

- қабылдап-тапсырушының жаднамасын жасау, вагондардың орташа жай-күйін анықтау және алымдарды, айыппұлдарды есептеу.

Темір жол қоймалары мен құрылғылары.

Жүк және коммерциялық операцияларды жүргізуге арналған темір жол станцияларында тиісті жол дамуы (қабылдау-жөнелту, сұрыптау және тарту жолдары), сондай-ақ тиеу-түсіру құрылыстары мен құрылғылары, жабық және ашық қоймалар мен платформалар, контейнерлерге, ауыр салмақты және басқа да жүктерге арналған алаңдар, эстакадалар, жоғары жолдар, вагондардан тікелей автокөлікке немесе қойма арқылы қайта тиеуге арналған құрылғылар; үйінді жүктерді, доңғалақты техниканы және басқа жүктерді түсіруге арналған платформалар мен алаңдар.

Жүк паркінің вагондары және олардың пайдалану сипаттамасы.

Жүктерді тасымалдау үшін жылжымалы құрамды таңдау. Магистральдық жүк вагондарының коммерциялық сипаттамасы. Тасымалданатын жүктердің көптүрлілігі жүк вагондары паркінің құрылымын анықтайды. Ол жүктердің жекелеген түрлерін немесе топтарын тасымалдауға бейімделген түрлі үлгідегі вагондардан тұрады.

Тасымалдау процесін басқарудың автоматтандырылған жүйесі және ақпараттық

қамтамасыз ету.

Темір жол көлігін басқарудың автоматтандырылған жүйесі және оның кіші жүйелері туралы түсінік. Сандық кодтаудың бірыңғай жүйесі. Пойыздарды нөмірлеудің бірыңғай жүйесі, станцияны кодтау жүйесі, жүк паркі вагондарының нөмірлеу жүйесі, станция объектілерін кодтау жүйесі, жүк жөнелтушілердің, жүк алушылардың атауы.

Тасымалдауды жоспарлау және бағыттау.

Басқарудың экономикалық әдістеріне көшумен тасымалдау жоспарының орындалуын есепке алу жоспарлау принциптері мен әдістері сапалық жағынан өзгерді. Олар өздерінің директивалық мазмұнын жоғалтты және темір жол көлігіндегі өндірістік процестерге әсер етудің маңызды экономикалық тетігіне айналды.

Тасымалдарды маршруттау.

Жүк тиеу орындарынан тасымалдарды бағыттау жүк тасымалдарын ұйымдастырудың тиімділігі жоғары тәсілі болып табылады. Маршруттау темір жол көлігінде жүк тасымалдауды ұйымдастыру шартының мәні болып табылады, сондықтан тек шартқа қатысушылар ғана оның мазмұнын анықтауға құқылы.

Жүктердің көліктік сипаттамасы және оларды тасымалдауға дайындау.

Тасымалдау процесінде жүктердің сақталуы оны дұрыс дайындаумен және ұтымды ораумен қамтамасыз етіледі. Орама-өнімді (жүкті) тасымалдау, сақтау және оны өткізу процесінде зақымданудан, ысырап етуден, ластанудан және қоршаған ортаның әрекеттерінен қорғауды қамтамасыз ететін құрал немесе техникалық құралдар кешені.

Жүкті тасымалдауға қабылдау.

Жүктерді тасымалдауға қабылдау. Тасымалдау шарты. Тасымалдау құжаттарының жиынтығын толтыру. Жүктің құндылығын жариялау, жүкқұжатты тексеру және бұрыштама қою. Жүкті жүк ауданында тасымалдауға қабылдау. Қабылдауды тіркеу, жүкқұжатты ресімдеу.

Жүктерді тиеу және жөнелту жөніндегі операциялар.

Көрсетілген жүкқұжат және оның негізінде жүк жөнелтушіге берілген жүкті қабылдау туралы түбіртек жүкті тасымалдау шартының жасалғанын растайды. Жүкті тасымалдау шартына сәйкес тасымалдаушы жүкті тасымалдау шарттарын сақтай отырып, межелі темір жол станциясына уақтылы және сақтықта жеткізуге және жүк алушыға беруге міндеттенеді, жүк жөнелтуші жүкті тасымалдауға ақы төлеуге міндеттенеді.

Жүктерді тиеу және жөнелту жөніндегі операциялар.

Вагондарды тиеуге берудің жалпы тәртібі. Тиеудің жалпы шарттары. Жабық жылжымалы құрамда жүктерді орналастыруға және бекітуге қойылатын техникалық шарттардың негізгі талаптары.

Жүру жолындағы операциялар.

Жүру жолындағы операция түрлері. Тиелген вагондарды жүру жолында қарау және коммерциялық байқау пункттерінің жұмыс технологиясы. Жүктерді қосымша жіберу және басқа мекен-жайға жіберу және оларды ресімдеу.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:

Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

8. Бағалау:

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

Бірнеше жауап нұсқасынан барлық дұрыс жауаптар үшін – 2 балл, жіберілген бір қате үшін – 1 балл, екі және одан көп қате жауап үшін – 0 балл беріледі.

9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Бекжанова С.Е., Бекжанов З.С., Битилеуова З.К. «Жүк тасымалдау мен коммерциялық жұмыстардың негіздері». Алматы, 2011
2. Правила перевозок грузов железнодорожным транспортом. Постановление Правительства Республики Казахстан от 2 августа 2019 года № 612.
3. Савин В. И. Перевозки грузов железнодорожным транспортом Справочное пособие. – М.: Издательство «Дело и Сервис», 2003.